

## Тарихи анықтама

Назиб Гаязович Жиганов - Кеңес одағының композиторы, Социалистік Еңбек Ері, КСРО халық әртісі.

Назиб Гаязович Жиганов 1911 жылдың 15-ші қаңтарында Орал қаласында Гаяз және Газиза Садрижихановтар отбасында дүниеге келген. Тағдыр оған ащы сынағын ерте ұсынды. 1912 жылы әкесінен, ал 1916 жылы анасынан айырылды. Жетім қалған балалар, Фаиза, Жалаял, Нәжип екі жылдай көршілері мен алыс жақындарының қолында тұрды. 1918 жылы Орал қаласында бір Мұртаза Губайдуллин деген бай саудагердің үйінде (Комсомольская көшесі, №50 үй) балалар үйі ашылды. Жетім балалар сол жетімдер үйінің біріне қабылданады. Осы балалар үйіне қабылданған да белгісіз себептермен кіші баланың есімін Назиб, фамилиясын Жиганов деп өзгертеді. (Комсомольская көшесі, №50 үй). Бұл үй оның алғашқы балалар үйі болады.

«Осы үйде менің музыкаға деген махаббатым оянады. Комсомолдардың бізге ескі пианино әкелгендері есімде. Бастапқы да біз не істерімізді білмей, пианиноны айналшықтап жүрдік. Содан соң біреу қақпағын ашты, сосын біз пернелерін бастық. Көп уақыт өтпестен қарт оқытушы Светчина келді. Ол бізге, мен және менің достарыма мүлде бейтаныс әуендерді ойнап берді. Сол кезде ол бізге Моцартты, Бетховенді, Гайднаны ойнаған екен деп балалық шағын есіне алды. («Приуралье» 03.08.1968ж. Н.Латыш)

Ол 13 жасында кинода музыкалық әшекейлеуші болып жұмыс жасап, дыбыссыз фильмдерді пианинода ойнау арқылы көрсетті. (С.Балашовтың естеліктерінен «Приуралье» 23.04.1991 ж.)

Осылайша 1928 жылға дейін Назиб Гаязовичтың балалық шағымен мен жасөспірім кезі Орал қаласында өтеді, содан осы жылы ол Казан қаласына апасы Фаизаның қолына көшіп келеді. 1929 -1931 жылдары Казан қаласында Назиб Гаязович Татар өнер техникумында оқиды, содан өз күшімен Москваға, консерватория жанындағы техникумның композиторлық бөліміне оқуға түседі. Техникумды бітірген соң, Москва консерваториясының 3 курсына қабыланады. Жетекшісі Г. Литинский болады. Назиб Гаязович Казань қаласына оралады. 1939-1948 жылдары жас сазгер Татар АҚРО-ның композиторлар Одағы үкіметінің Төрағасы болып қызмет атқарады.

1948-1988 жылдары КСРО композиторлар Одағы басқармасының мүшесі боларды. 1957 жылы композитор КСРО-ның халық әртісі болады.

Назиб Гаязович 1981 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алады.

Назиб Гаязович Жиганов 8 опера, 3 балет, 17 ірі симфониялық шығармалар және көптеген камералық, вокалдық, аспаптық туындылар жазды.

1945-1988 жылдар аралығында Казан мемлекеттік консерваториясының ректоры болды. Композитор үш мәрте КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, екі Ленин орденімен, Еңбек Қызыл белгісі орденімен марапатталған.

Назиб Гаязович 1988 жылы 2 маусымда Уфа қаласында өмірден өткен.

Назиб Гаязович Жигановтың жеке тектілік құжаттары «Международные созвездия Назиба Жиганова» жеке қорынан қабылданды. Құжаттарға сараптама жасалып, тізімдемелер құрылып, №1067 қор нөмірі берілді.

Н.Жигановтың жеке тектілік құжаттарына, фотосуреттеріне, бейнеқұжаттарына, фоноқұжаттарына тұрақты сақталатын істер тізімдемесі құрылды.

Тұрақты сақталатын жеке тектілік құжаттарының №1 тізімдемесіне 9 іс, 61 сақтау бірлігі;


Тұрақты сақталатын фотосуреттерінің №2 істер тізімдемесіне 1 іс, 9 сақтау бірлігі;

Тұрақты сақталатын бейнеқұжаттарының №3 істер тізімдемесіне 1 іс, 1 сақтау бірлігі;

Тұрақты сақталатын фоноқұжаттарының №4 істер тізімдемесіне 1 іс, 31 сақтау бірлігі енгізілді.

Ұлы татар композиторы Н.Жигановтың тұрақты сақталатын жеке тектілік құжаттары бойынша 12 есеп бірлігі, 102 сақтау бірлігі тұрақты сақтауға алынды.

Құрастырушы



К. Тасанова